

2021 жылдың 30-сәуірінде Ташкент мемлекеттік көлік университеті (ТашМКУ, Өзбекстан Республикасы) мен Қарағанды техникалық университетінің өкілдері онлайн кездесу өткізді.

Кездесуге қатысқандар: Тураев Баходир Хатамович - ТашМКУ халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор, Худайбергенов Сокижон Кабилджанович - ТашМКУ, "Көлік қозғалысын ұйымдастыру" кафедрасының меңгерушісі, Суюнбаев Шинполат Мансуралиевич - ТашМКУ, техника ғылымдарының кандидаты, доцент, "Көлік қозғалысын ұйымдастыру" кафедрасының м.а. профессоры, Толеуова Айнагуль Рымкуловна - стратегиялық даму және серіктестік департаментінің директоры, Рахимбаева Сабина Ермековна - халықаралық ынтымақтастық және академиялық мобильділік орталығының бастығы, Аскарлов Бахтияр Шарапиденович - PhD, «Өнеркәсіптік көлік» кафедрасының меңгерушісі, Балабаев Оюм Темиргалиевич - «Өнеркәсіптік көлік» кафедрасының доценті, к.т.н.

ҚарТУ өкілі Толеуова А.Р. өзінің алғы сөзінде біздің елімізде жүргізіліп жатқан әлеуметтік-экономикалық реформалар мен олардың білім саласына оң ықпалы туралы айтты.

Оқу орындарының арасындағы ғылым мен білім беру қызметінің ынтымақтастығына қатысты сұрақтар талқыланды.

Қос мемлекеттің ғалымдары ортақ жобаларды іске асыруды қарастырды.

«Double-degree» бағдарламасына ерекше назар аударылды. ҚарТУ әлемнің озық жоғары оқу орындарымен бірігуге және Double-degree бағдарламасын дамытуға айрықша көңіл бөлуде.

